

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 қаңтардағы N 68 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 12 маусымдағы N 540 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының халқын жұмыспен қамтудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 қаңтардағы N 68 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2005 ж., N 4, 38-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының халқын жұмыспен қамтудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасында :

"Бағдарламаның паспорты" деген бөлімде:

"Қаржыландыру көлемі және көздері" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағдарламаны қаржыландыру жергілікті бюджеттердің 10861,2 млн. теңге көлеміндегі қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады, оның ішінде:

2005 жылы	-	3 251,5	млн. теңге;
2006 жылы	-	3 282,5	млн. теңге;

2007 жылы - 4327,2 млн. теңге.";

"Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже" деген жолда:

үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"460,4 мың адамды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, оның ішінде: 2005 жылы - 184,7 мың, 2006 жылы - 137,4 мың, 2007 жылы - 138,4 мың;

347,2 мың адам үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру, оның ішінде: 2005 жылы - 123,6 мың, 2006 жылы - 111,6 мың, 2007 жылы - 112,0 мың;

73,0 мың жұмыссызды кәсіптік оқуға және қайта даярлауға жіберу, оның ішінде: 2005 жылы - 25,3 мың, 2006 жылы - 23,9 мың, 2007 жылы - 23,8 мың;

нысаналы топтар үшін 22,7 мың әлеуметтік жұмыс орындарын құру, оның ішінде: 2005 жылы - 5,4 мың, 2006 жылы - 8,4 мың, 2007 жылы - 8,9 мың;

ұзақ уақыт жұмыссыз жүргендер үшін клубтық жұмыс ұйымдарын қаржыландыруға 14,0 млн. теңге жіберу, оның ішінде: 2005 жылы - 1,0 млн. теңге, 2006 жылы - 4,1 млн. теңге, 2007 жылы - 8,9 млн. теңге;

білім беру ұйымдарының түлектерін жастар практикасы арқылы жұмысқа орналастыруды қаржыландыруға 182,3 млн. теңге жіберу, оның ішінде: 2005 жылы - 43,6 млн. теңге, 2006 жылы - 59,8 млн. теңге, 2007 жылы - 78,9 млн. теңге;"

"Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері" деген 4-бөлімде:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағдарламаны іске асыру үшін жергілікті бюджеттердің 10861,2 млн. теңге көлеміндегі қаражаты көзделеді, оның ішінде: 2005 жылы - 3251,5 млн. теңге, 2006 жылы - 3282,5 млн. теңге, 2007 жылы - 4327,2 млн. теңге.";

екінші абзацта "2006-2007 жылдары" деген сөздер "2007 жылы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер" деген 5-бөлімде:

төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші және тоғызыншы абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"460,4 мың адамды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, оның ішінде: 2005 жылы - 184,6 мың, 2006 жылы - 137,4 мың, 2007 жылы - 138,4 мың;

347,2 мың адам үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру, оның ішінде: 2005 жылы - 123,6 мың, 2006 жылы - 111,6 мың, 2007 жылы - 112,0 мың;

73,0 мың жұмыссызды кәсіптік оқуға және қайта даярлауға жіберу, оның ішінде: 2005 жылы - 25,3 мың, 2006 жылы - 23,9 мың, 2007 жылы - 23,8 мың;

нысаналы топтар үшін 22,7 мың әлеуметтік жұмыс орындарын құру, оның ішінде: 2005 жылы - 5,4 мың, 2006 жылы - 8,4 мың, 2007 жылы - 8,9 мың;

ұзақ уақыт жұмыссыз жүргендер үшін клубтық жұмыс ұйымдарын қаржыландыруға 14,0 млн. теңге жіберу, оның ішінде: 2005 жылы - 1,0 млн. теңге, 2006 жылы - 4,1 млн. теңге, 2007 жылы - 8,9 млн. теңге;

білім беру ұйымдарының түлектерін жастар практикасы арқылы жұмысқа орналастыруды қаржыландыруға 182,3 млн. теңге жіберу, оның ішінде: 2005 жылы - 43,6 млн. теңге, 2006 жылы - 59,8 млн. теңге, 2007 жылы - 78,9 млн. теңге;"

"Қазақстан Республикасының халқын жұмыспен қамтудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-бөлімде:

"1. Халықты жұмыспен қамту деңгейін өсіруге ынталандыратын шаралар" деген кіші бөлімде, "1.1. Экономика салаларында жаңа жұмыс орындарын құру" деген тарауда:

реттік нөмірі 1.1.2-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Барлығы:	687,9,	оның ішінде:
2005	жылы	- 118,7
2006	жылы	- 217,0

2007 жылы - 352,2";

"1.4. Қосымша жұмыс орындарын құратын шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту" деген тарауда:

реттік нөмірі 1.4.3-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Барлығы:	82,1,	оның ішінде:
2005	жылы	- 30,4

2 0 0 6 ж ы л ы - 2 4 , 2

2007 жылы - 27,5";

"1.5. Еңбек рыногындағы қажеттілікті ескере отырып, жұмыссыздарды кәсіптік даярлау мен қайта даярлаудың икемді жүйесін ұйымдастыру" деген тарауда:

реттік нөмірі 1.5.1-жолда:

2-бағанда "70,8" деген сандар "73,0" деген сандармен ауыстырылсын;

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Барлығы: 1365,8, оның ішінде:

2 0 0 5 ж ы л ы - 3 5 8 , 3

2 0 0 6 ж ы л ы - 4 3 5 , 1

2007 жылы - 572,4";

"1.6. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және жетілдіру" деген тарауда:

реттік нөмірі 1.6.1-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Барлығы: 8436,7, оның ішінде:

2 0 0 5 ж ы л ы - 2 6 6 1 , 0

2 0 0 6 ж ы л ы - 2 5 1 8 , 9

2007 жылы - 3256,8";

"1.7. Жергілікті атқарушы органдардың жұмыспен қамтудың өңірлік проблемаларын шешудегі рөлін арттыру жөніндегі шаралар" деген тарауда:

реттік нөмірі 1.7.2-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Барлығы: 5,6, оның ішінде:

2 0 0 5 ж ы л ы - 0 , 4

2 0 0 6 ж ы л ы - 1 , 5

2007 жылы - 3,7";

реттік нөмірі 1.7.3-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Барлығы: 14,0, оның ішінде:

2 0 0 5 ж ы л ы - 1 , 0

2 0 0 6 ж ы л ы - 4 , 1

2007 жылы - 8,9";

реттік нөмірі 1.7 4-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Барлығы: 67,7, оның ішінде:

2 0 0 5 ж ы л ы - 1 9 , 0

2 0 0 6 ж ы л ы - 2 1 , 9

2007 жылы - 26,8";

реттік нөмірі 1.7.5-жолдың 2-бағанында "403,1" деген сандар "460,4" сандармен ауыстырылсын;

"1.10. Білім беру ұйымдарының түлектерін жұмыспен қамтуға жәрдемдесу" деген т а р а у д а :

реттік нөмірі 1.10.2-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Барлығы:	182,3,	оның	ішінде:
2005	жылы	-	43,6
2006	жылы	-	59,8

2007 жылы - 78,9";

көрсетілген бөлімге ескертуде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Жергілікті бюджеттен талап етілетін қаражаттың барлығы - 10861,2 млн. теңге, оның ішінде: 2005 жылы - 3251,5 млн. теңге, 2006 жылы - 3282,5 млн. теңге, 2007 жылы - 4327,2 млн. теңге.";

2-тармақта "2006-2007 жылдары" деген сөздер "2007 жылы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі